Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасау туралы негіздеме

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам», 1-бөлім Жаңа экономикалық саясат: *«Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін қалыптастыру қажет. Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы, ең төмен бағаға емес, басымдыққа ие болуы тиіс».*

2022–2024 жылдар аралығында тауарлар мен көрсетілетін қызметтер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, ашық конкурс арқылы сатып алынды. Алайда тәжірибе көрсеткендей, сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасыз болды. Мұны Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында атап өтті.

Көбіне бір реттік және ай сайынғы қызмет көрсететін жеткізушілер байланысқа шықпай, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарлар жеткізді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке залал келтірді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан әрекет етеді. Шағын сомаларға сатып алуларды жүргізу сапасыз және адал емес жеткізушілердің көбеюіне, сондай-ақ артық әкімшілік сот ісін жүргізудің туындауына әкелді.

Мақтыстау облысының әкімі Н.И. Қилыбайдың тапсырмасын орындау мақсатында, 2025 жылғы 9 маусымдағы білім беру ұйымдарында санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың және тамақтандырудың жаңа стандартын енгізу жөніндегі кеңестің хаттамасына (2.6-тармақ) сәйкес осы мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, сонымен қатар мемлекеттік сатып алуда пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасының арақатынасын қамтамасыз ету арқылы қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау үшін, «Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру үдерістерін онлайн-мониторингтеу және деректерді білім беру платформасы EDUS базасында орталықтандырылған сақтау үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді енгізу» бойынша мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасасу туралы шешім қабылданды.

Қосымша ретінде, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес, «Мектептік тамақтандыруды ұйымдастыру үдерістерін онлайн-мониторингтеу және деректерді білім беру платформасы EDUS базасында орталықтандырылған сақтау үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді енгізу» бойынша қолжетімділікті ұсыну қызметтерін мемлекеттік сатып алу бір көзден алу тәсілімен, мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасасу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, өйткені мұндай біртекті қызметтердің жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген шекті мәнінен аспайды.

Басшы **Тажмаганбетова А**

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер **Есібаева Г**

11-04/45 от 20.06

Білім беру ұйымдарындағы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және тамақтандырудың жаңа стандартын енгізу туралы жиналыстың
ХАТТАМАСЫ
№

Ақтау қаласы **2025 жылғы 9 маусым**

Төраға: Маңғыстау облысының әкімі Н.И. Қилыбай
Қатысушылар: тізім бойынша

КҮН ТӘРТІБІ:

Білім беру ұйымдарындағы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және тамақтандырудың жаңа стандартын енгізу туралы

(А. Әлназарова, Р. Қожапова, А. Кумбаев, Б. Избасаров)

1. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Р. Қожапованың, Маңғыстау облысы білім басқармасының басшысы А. Кумбаевтің баяндамалары назарға алынсын.

2. Облыс әкімінің орынбасары А.Ж. Өрісбаев, Маңғыстау облысының білім басқармасы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті (келісім бойынша), қала және аудан әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

2.1. Барлық білім беру және тамақтандыру объектілерінде профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, оқушылардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдар арасында ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етсін;

2.2. Мектеп асханаларын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай сәйкестендіру бойынша жұмыстарды жүргізіп, тамақтандыру қызметін көрсететін мекемелер конкурстық құжаттарының талаптарын қатаң сақтауын **жүйелі түрде** тексеруді қамтамасыз етсін;

2.3. Бракераждық комиссияның сапалы жұмысын **ағымдағы жылдың 1 тамызына** дейінгі мерзімде қамтамасыз етіп, тамақ сапасын бақылау бойынша қызметін кеңінен ақпараттандыру тәжірибесін енгізсін, сондай-ақ тамақтандыру талаптары бұзылған жағдайда оқушылар мен ата-аналарды қабылданатын шаралар бойынша хабардар етсін;

2.4. Мектеп асханаларында тамақтандыру қызметін көрсететін мекемелерді таңдау мақсатында білім басқармасы жанындағы ведомствоаралық сараптамалық топтың **ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі** мерзімде байқаушы ретінде қатысуын қамтамасыз етсін;

Управление образования Мангистауской области Ақонысбаева А. Н.

2.5. Барлық мектеп асханаларындағы ас блогтар, азық-түлік сақтау қоймалары және тоңазытқыштардың жай-күйіне **ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі** мерзімде тексеру жұмыстарын жасасын;

2.6. **Ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі** мерзімде мектеп асханаларын және ас үйлерін онлайн видеобақылау жүйелерімен толықтай жабдықтап, оны бақылауға құзырлы органдарға қолжетімділігін қамтамасыз етсін;

2.7. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен жаңа стандартын білім беру ұйымдарының техникалық ерекшеліктеріне **ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі** мерзімде енгізсін;

2.8. **Ағымдағы жылдың шілде айында** ҚР денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп (келісім бойынша) білім беру ұйымдарындағы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және тамақтандырудың жаңа стандартын енгізу туралы жиналыс ұйымдастырсын.

3. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті (келісім бойынша), қала және аудан әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

3.1. Жеке медициналық кітапшаларды заңнама талаптарына сәйкес беруді және медициналық тексеруден толық өтпеген тұлғаларға берілмеуін бақылауға алсын;

3.2. Нәрестелерге міндетті вакцинаның салынуын қадағалау және маңыздылығы бойынша халық арасында **жүйелі түрде** кеңінен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырсын;

3.3. Иммундық-биологиялық дәрілік препараттарды сақтайтын тоңазытқыш және мұздатқыш жабдықтардың жай-күйіне **ағымдағы жылдың 1 тамызына дейінгі** мерзімде тексеру жұмыстарын жасасын.

4. Қала және аудан әкімдері, Маңғыстау облысының білім басқармасы, барлық білім беру ұйымдары заңнамада белгіленген тәртіппен:

4.1. Бракераждық комиссияның сапалы жұмысын және ата-аналардың комиссия құрамында белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, берілген нұсқамаларға сәйкес анықталған барлық санитариялық-эпидемиологиялық кемшіліктерді жою бойынша тиісті жұмыстар жүргізсін;

4.2. Бракераждық комиссия тарапынан жүйелі түрде бұзушылық анықталған жағдайда Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарының жоспардан тыс тексерісін ұйымдастарсын;

5. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың орындалысын бақылауды Маңғыстау облысы әкімі аппаратының басшысы М. Әбдікадыровқа жүктелсін.

Маңғыстау облысының әкімі **Н. Қилыбай**

Управление образования Мангистауской области Кокыбаева А.Н.